

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

«Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ жанындағы:

6D051800/8D04101 – «Жобаларды басқару»

6D050600 – «Экономика» мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер – 3 отырыс.
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерініңтегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда): жоқ.
3. Оқу орны көрсетілген
 - ✓ Туркебаева Карина Толеуовна – Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
 - ✓ Кенжалиев Олжас Багдаулетович – Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
 - ✓ Айтжанова Динара Нуржановна – АЕҚ «Торайғыров университеті»
4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

| № | Докторанттың аты жөні | Диссертациялық жұмыс тақырыбы | Мамандық коды және атауы |
|---|-------------------------------|--|--|
| 1 | Туркебаева Карина Толеуовна | Аймақтық әртараптандыру, дамуы мен өсуі: Қазақстан Республикасының тәжірибесі, жобалық тәсіл | 6D051800/8D04101 – «Жобаларды басқару» |
| 2 | Кенжалиев Олжас Багдаулетович | Технологияларды коммерцияландыру және ғылыми эзірлемелер жобаларының табыстылығының сыни факторлары: Қазақстан тәжірибесін зерттеу | 6D051800/8D04101 – «Жобаларды басқару» |
| 3 | Айтжанова Динара Нуржановна | ҚР Жастар кәсіпкерлігін дамытуды басқару | 6D050600 – Экономика |

4.1. Туркебаева Карина Толеуовна 6D051800/8D04101 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Аймақтық әртараптандыру, дамуы мен өсуі: Қазақстан Республикасының тәжірибесі, жобалық тәсіл» жұмыстың тақырыбын талдау. Жаһандану мен интеграциялық үрдістер жағдайында, аймақтық алуантүрлілік, дамуы және өсуі ұлттық экономикалардың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларына айналды. Осы аспектілерді Орталық Азия мен Еуразия құрлығында алатын стратегиялық геосаяси жағдайымен, көпұлтты, мультимәдени, экономикалық және табиғи ерекшеліктерімен бай еліміздің, Қазақстанды мысалға алып зерттеудің ерекше маңызы бар.

Әлемдік экономиканың тұрақсыз дамуынан, шикізат тауарларына сұраныс пен бағаның төмендеуінен, нарықтағы жетекші ойыншылар арасындағы мерзімді сауда келіспеушіліктерінен, әлемдегі күрделі геосаяси ахуалдан туындаған

сыртқы факторлар қысымының күшеюі, Қазақстанның экономикалық дамуы үшін теріс салдарын тигізуде. Мұндай дағдарыс жағдайлары аймақтық даму мен өсудің тиімділігін қиындатады, сонымен қатар мемлекеттік басқару органдарының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін іргетас ретіндегі маңыздылығы күшейтіледі.

Заманауи сын-қатерлер мен шаруашылық жағдайларға жауап беретін мемлекеттік басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру ел басшылығын бизнес-қоғамдастық белсенді пайдаланатын және әртүрлі елдердегі мемлекеттік қызмет саласында кеңінен қолданылатын басқарудағы перспективалық бағыт ретінде жобалық тәсілді кеңінен енгізуге басымдыққа айналдыру.

Диссертация тақырыптарының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құратын ғылымды дамыту бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар. Зерттеу материалдары мен деректері Қазақстан Ғылым Академиясының №BR05236639 «Үшінші технологиялық жаңғырту негізінде ғылымға негізделген экономикаға Қазақстандық жол: стратегиялар, модельдер мен даму механизмдері» (2018-2020 жж.) және №BR10965247 «Қазақстандағы демографиялық процестердің, көші-қон, урбанизация ерекшеліктері мен динамикасын зерттеу, цифрлық карталар мен болжамдар әзірлеу» (2021-2023 жж.) жобалары аясында қолданылды. Нәтижелерді енгізу актімен расталған.

Диссертацияның нәтижелерін практикаға енгізу деңгейін талдау.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері келесі жарияланымдарда жарық көрді: 1 мақала халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда, Scopus деректер базасында CiteScore (СайтСкор) көрсеткіші 25 пайыздан кем емес; 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда; 2 мақала аталған халықаралық конференциялардың жинақтарында жариланды.

4.2 Кенжалиев Олжас Багдаулетович жұмыстың тақырыбын талдау 6D051800/8D04101 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Технологияларды коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер жобаларының табыстылығының сыни факторлары: Қазақстан тәжірибесін зерттеу». Зерттеу Қазақстанның инновациялық белсенділігі мен тұрақты экономикалық дамуын ынталандыру контекстіндегі ғылым, білім және бизнестің өзара іс-қимылын талдауға арналған. Жаһандану және бәсекелестіктің күшеюі жағдайында тақырыптың өзектілігі ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және олардың нарықтағы үлесін арттыру қажеттілігінің артуымен ерекшеленеді. Зерттеудің мақсаты Қазақстандағы Технологияларды коммерцияландыру жобаларының тиімділігіне әсер ететін табыстың маңызды факторларын кешенді талдау болып табылады. Негізгі міндеттерге осы факторлардың теориялық негіздерін зерделеу, жобалардың сәттілік критерийлерін жүйелеу, сондай-ақ қазақстандық инновациялық экожүйе

контекстінде коммерцияландыру процесін оңтайландыратын модель әзірлеу кіреді.

Зерттеу әдістемесі шетелдік және отандық ғылыми жұмыстардың библиографиялық талдауы мен жүйелі әдеби шолуына, сондай-ақ ғылыми-техникалық қызмет және коммерцияландыру саласында жұмыс істейтін респонденттердің сауалнамасы нәтижесінде алынған эмпирикалық деректерге сүйенеді. Жұмыс ғылыми-техникалық прогреске қол жеткізуде тиімді жобалық басқару мен коммерцияландыруға стратегиялық көзқарастың негізгі рөлін көрсете отырып, ұлттың ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін ғылымды дамытудың өмірлік қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері ғылыми ұйымдардың, білім беру мекемелерінің және бизнес секторының өзара әрекеттесуін жақсарту үшін практикалық нұсқаулар береді, бұл ғылыми әзірлемелердің өнімділігі мен коммерциялық табыстылығын арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, зерттеу жобаларды басқару және технологияларды коммерцияландыру бойынша теориялық базаға үлес қосады, осы саладағы одан әрі аналитикалық жұмыстардың негізін ұсынады. Осылайша, зерттеу табысты коммерцияландырудың негізгі аспектілерін анықтап қана қоймайды, сонымен қатар макроэкономикалық деңгейде инновация процестерін бағалау және оңтайландыру үшін әдістемелік құралдарды ұсынады.

Диссертация тақырыптарының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құратын ғылымды дамыту бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар. Диссертациялық жұмыс 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді, оның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басымдығы бойынша. Диссертациялық жұмыс AP05131146 гранттық қаржыландыру аясында орындалды - «Білім, ғылым, өндіріс: капитал сыйымдылығы жоғары ғылыми әзірлемелердің коммерцияландыруындағы кедергілер» және BR21882292 бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында - «Тұрақты құрылыс саласының интеграцияланған дамуы: инновациялық технологиялар, өндірісті оңтайландыру, ресурстарды тиімді пайдалану және технологиялық парк құру» Қазақстан Республикасының Ғылым комитетінің қолдауымен.

Диссертацияның нәтижелерін практикаға енгізу деңгейін талдау. Жұмыс орындау кезеңінде 11 ғылыми мақала мен баяндамалар жарияланды, соның ішінде:

2 мақала «Қазақстан жағдайында ҒЗЖ коммерцияландыруды жеңілдету шарттары» және «Инновациялық зерттеу қызметін ынталандыратын факторлар және Қазақстандағы ҒЗЖ кедергілері» тақырыптарында халықаралық ғылыми журналда, Scopus деректер базасына кіретін;

Үш мақала рецензияланатын басылымдарда, ККСОН ұсынған, тақырыптары: «Қазақстандағы зерттеу және білім беру мәселелері», «Капитал сыйымдылығы жоғары ғылыми әзірлемелердің коммерцияландыру жобаларын басқарудағы мәселелер», ««Білім - ғылым - өндіріс» жүйесінің жалпы сипаттамасы»;

Бір баяндамасы халықаралық конференцияда «Капитал сыйымдылығы жоғары зерттеулерді коммерцияландырудың қазіргі құралдары» тақырыбында;

Жүргізілген зерттеулер нәтижелері «Қазақстан Республикасында білім, ғылым, өндіріс жүйесіндегі коммерцияландыру мәселелері» атты монографияға енгізілді.

4.3 Айтжанова Динара Нуржановнаның 6D050600 – «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстан Республикасында жастар кәсіпкерлігін дамытуды басқару» жұмыстың тақырыбын талдау. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет қазақстандық нарықтық экономиканың қалыптасуы мен эволюциясының бүкіл кезеңінде дамуда. Негізгі назар шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдауға, экономиканың барлық салалары мен салаларында, соның ішінде маңызды әлеуметтік бағдарланған салаларда жеке меншік институтын берік дамытуға бағытталған. Қазақстан Республикасының нарықтық экономикасын дамытудың бүкіл кезеңінде кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған заңдардың, мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың кең спектрі қабылданды. Макроэкономикалық деңгейде кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуды қолдаудың мемлекеттік және қоғамдық институттары құрылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту үрдістері шағын және орта бизнестің экономиканың өсуіне, экономикалық жүйенің инновациялылығы мен бәсекеге қабілеттілігіне қосқан үлесінің төмен үрдістеріне жинақталған бірқатар проблемалармен ұштасады. Себеп-салдарлық байланыстар ретінде Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытудың қазіргі әлеуетін дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлініп отырғанын айту керек, ал оның элементтерінің бірі ел жастары болып табылады. Қазақстандық кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту белсенді жастар саясатын жүргізумен, кейіннен оны кәсіпкерлікке тартуға бағдарлай отырып, жастарға білім берудің тиімді жүйесін құрумен ұштасуы тиіс. Сонымен қатар, нүктелік инфрақұрылымдық элементтер, жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту құралдары құрылуы қажет. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында жалпы жастар саласын дамыту проблемаларының, сондай-ақ жастардың кәсіпкерлік қызметке қатысу проблемаларының кең тізбесі бар, бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігін танытады.

Диссертация тақырыптарының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құратын ғылымды дамыту бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар. Диссертациялық жұмыс 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді, оның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басымдығы бойынша. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Президенті халыққа арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен 2021-2025 жылдарға арналған

кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы аясында іске асырылып жатқан «Бизнес-2025 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасымен байланысты.

Диссертацияның нәтижелерін практикаға енгізу деңгейін талдау.

Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары 22 ғылыми еңбекте көрініс тапты, оның ішінде:

- 1 мақала импакт-факторы бар және Scopus деректер базасына кіретін журналда жарияланған;
- 9 мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған;
- 13 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары бойынша ғылыми жинақтарда жарияланған, соның ішінде 6-ы шетелде өткен.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалып, ұсынылған:

- ЖОО ғалымдар, магистранттар, студенттер мен оқушылардың «ХХ Сатпаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы, Том 15, Павлодар қаласы, 2020 жыл;
- ХХІ ғасырдағы ғылым мен білім: Еуразиялық кеңістікте даму динамикасы, VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Павлодар қаласы, 2021 жыл;
- «Қоғамның, мемлекеттің және тұтынушы кооперациясының экономикалық-құқықтық даму перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференциясы, Гомель қаласы, Монғолия академиялық университеті, академиялық ғылыми журнал 1(20), Ұланбатыр, 2020 жыл.

Жұмыс материалдары маслихаттардың және кәсіподақ ұйымдарының қызметінде жобаларды басқару жүйесін енгізу кезінде қолданылды. Зерттеу нәтижелерінің практикалық қолданысы тиісті енгізу актілерімен және авторлық құқық объектілері туралы мемлекеттік реестрге ақпарат енгізілгені туралы куәліктермен расталады.

5 Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

| № | Докторанттың аты-жөні | Рецензенттер | |
|---|-----------------------------|---|--|
| | | 1 рецензенттің аты-жөні мандық, ғылыми дәреже, атағы, соңғы 5 жылда мамандығы бойынша жарияланымдар саны) | 2 рецензенттің аты-жөні (мамандық, ғылыми дәреже, атағы, соңғы 5 жылда мамандығы бойынша жарияланымдар саны) |
| 1 | Туркебаева Карина Толеуовна | Шалдарбеков Қайрат Базарбекқұлы «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша PhD докторы, «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы, докторанттың 6D051800 | Сайлаубеков Нурлан Турсынбекұлы – экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан-неміс университеті, «Экономика және кәсіпкерлік» факультетінің профессоры, докторанттың 6D051800 — «Жобаларды басқару» мамандығы |

| | | | |
|---|-------------------------------|---|--|
| | | «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша (Scopus) CiteScore – да 35-тен жоғары 2-ден астам ғылыми жарияланым және докторанттың 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 3-тен астам ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында ғылыми мақаласы бар | бойынша (Scopus) CiteScore – да 35-тен жоғары 2-ден астам ғылыми жарияланым және докторанттың 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 3-тен астам ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында ғылыми мақаласы бар. |
| 2 | Кенжалиев Олжас Багдаулетович | Келесбаев Динмухамед Нурмаханбетович – PhD докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Экономика, менеджмент және құқық» факультетінің деканы, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы, докторанттың 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша (Scopus) CiteScore – да 35-тен жоғары 2-ден астам ғылыми жарияланым және докторанттың 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 3-тен астам ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында ғылыми мақаласы бар | Шалдарбеков Қайрат Базарбекқұлы – PhD докторы, «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы, докторанттың 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша (Scopus) CiteScore – да 35-тен жоғары 2-ден астам ғылыми жарияланым және докторанттың 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 3-тен астам ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында ғылыми мақаласы бар. |
| 3 | Айтжанова Динара Нуржановна | Келесбаев Динмухамед Нурмаханбетович – PhD, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Экономика, менеджмент және құқық» факультетінің деканы, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы, Хирш индексі (h-білім беру бағдарламасы бойынша индексі) – 6, докторанттың білім беру бағдарламасы бойынша Scopus базасындағы ғылыми жарияланымдары және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде 3-тен астам жарияланымдары бар. | Шильдибеков Ерлан Жаржанович – PhD, «Экономика және бизнес», кафедрасының меңгерушісі, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Хирш индексі (h-индекс) – 3, докторанттың Scopus базасында 2-ден астам ғылыми жарияланымдары және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде 3-тен астам жарияланымдары бар. |

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар:
 Ұсынылатын докторлық диссертациялық зерттеу жұмыстарының тақырыптары және ғылыми кадрларды даярлау бойынша ғылыми кеңесшілердің (әсіресе, Қазақстаннан) жұмысына қойылатын талаптарды күшейту.

6. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер

| Диссертациялық кеңес | Шифр және мамандығы | |
|--|---------------------------------------|----------------------|
| | 6D051800/8D04101 Жобаларды басқару | 6D060500 – Экономика |
| Қорғауға қабылданған диссертациялар | 2 | 1 |
| Оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының | - | 1 |
| Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар | - | - |
| Оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының | - | - |
| Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар | - | - |
| Оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының | - | - |
| Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар | - | - |
| Оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының | - | - |
| Пысықтауға жіберілген диссертациялар | - | - |
| (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) | - | - |
| Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар | - | - |
| (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) | - | - |

Жобаларды басқару
маманығы бойынша

диссертациялық кеңестің төрағасы
техника ғылымдарының докторы, профессор



[Handwritten signature]

Цеховой А.Ф.

Жобаларды басқару бойынша
диссертациялық кеңестің хатшысы
PhD

[Handwritten signature]

Сатыбалдиева Д.О.